

**«6D021300 - Лингвистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған
Абдуллина Назгул Утегуловнаның «Қазақ тіліндегі терминологиялық бірліктерді қалыптастырудағы когнитивтік құрылымдар
репрезентациясы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің**

СЫН-ШҚІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Диссертация жұмысының тақырыбы Қазақстан Республикасының білім мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған «ҚР білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына» (2019 ж. № 98 қаулы), «Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы пәнаралық зерттеулер: әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер, «Мәңгілік Ел» бағытына сәйкес келеді.</p> <p>Қазіргі қазақ тіл білімінде терминологиялық аталым мәселесі адам миындағы когнитивтік үдерістер барысында ойда «бейнеленіп», тілдік бірлік ретінде репрезентацияланатын когнитивтік құрылымдар тұрғысынан, нақтырақ айтқанда, ұлт тіліндегі терминологиялық бірліктердің қалыптасуындағы когнитивтік құрылымдар репрезентациясы арнаулы зерттеу нысаны бола алмай келген еді. Бұл тұрғыдан келгенде жаңадан пайда болған термин бірліктерін когнитивтік тұрғыдан зерттеуге арналған осы диссертация терминология саласындағы жаңа бағыттың – ұлттық танымдық терминология ілімінің қалыптасуына үлес қосады және аталған сала бойынша жүргізілетін ғылыми ізденістерге жаңа мүмкіндіктер ашады деуге негіз бар.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Жаңа технологиялардың қарқынды дамуына байланысты жаңа ұғымдардың атаулары – терминдер қазіргі заманда көптеп туындап жатыр. Жаңа ұғымдарды өз тілімізде атау немесе оларды шет тілдерінен қабылдаудың уақыт талабына сай негізделуі өте қажет болып отыр. Бұл тұрғыдан келгенде ғылыми ойдың тіл арқылы вербалдануы арқылы субъектінің ғылыми коммуникация құзыреттілігін арттыруға қабілеттілігі, терминдердің санадағы бейнесі – когнитивтік бірліктермен тығыз байланысы негізге алына отырып зерттелуі терминтану саласы үшін өте маңызды. Сонымен қоса бұл бағыттағы зерттеулер тек терминтану ғана емес когнитивтік лингвистика, функционалды лингвистика, лингвомәдениеттану, әлеуметтік лингвистика салалары

			үшін де өте қажет. Бұл диссертациялық жұмыс ғылымға осы тұрғыдан елеулі үлес қосады. Диссертанттың нақты тілдік талдаулары, жасаған тың тұжырымдары сол қажеттілікті айқындай түседі.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертанттың зерттеу тақырыбы бойынша жариялаған ғылыми мақалаларынан да, диссертациясынан да жазу деңгейінің жоғарылығы және өзіндік баяндау стилі анық байқалып тұр. Ғылыми жұмыс бір қолдан шыққан, біртұтас жұмыс.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Когнитивтік бірліктерді тілдік бірліктердің репрезентациялануы арқылы әсіресе терминдер мен терминдік тіркестердің репрезентативтік аспектіде қарастырылуы өте маңызды. Диссертацияда мәселе осы қырынан дұрыс қойылып, зерттеудің өзектілігі жан-жақты негізделген.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертация «Қазіргі қазақ когнитивтік терминтанымының негізгі ғылыми-теориялық алғышарттары», «Терминтанымдағы когнитивтік құрылымдардың концептуалды маңызы», «Терминдік бірлік мәнінің когнитивтік құрылым негізінде репрезентациялануы» деп аталатын өзара тығыз байланысты үш тараудан тұрады. Осы тараулар мен олардың тақырыпшалары зерттеу жұмысының негізгі тақырыбын жан-жақты ашуға бағытталған. Соның нәтижесінде мазмұны диссертация тақырыбын айқындап, оны толық ашып тұр.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Зерттеуші белгіленуші объект туралы ақпараттың қабылдану, сақталу және өңделу сипатын олардың тілдік вербалдануына әсер ететін когнитивтік құрылымдар арқылы анықтауды мақсат етіп қояды. Осы мақсатқа ол ассоциация, визуалдық ойлау, метафоралану іспетті процесстердің ерекшеліктерін ашу, кірме терминдердің қазақша баламаларына лингвокогнитивтік, концептуалдық талдау жүргізе отырып, олардың ұлттық тілдік бейне немесе ұлттық концептілер негізінде жасалуы мен қолданыс тиімділігін арттыруға негіз болатынын дәлелдеу міндеттерін қою арқылы қол жеткізеді. Сондықтан зерттеу мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келіп, сабақтасып тұр.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертациялық жұмыстың бірінші бөліміндегі «Когнитивтік терминтанымдағы тіл және ой арақатынасының тарихи диалектикалық сипаты», «Терминдік бірлікті зерттеудегі когнитивтік ұстанымның алғышарттарын айқындау», «Терминдік бірлік белгілерінің сөз және ұғым байланысы тұрғысынан сипаты» тақырыптарда мәселенің қойылысы, зерттелу тарихы сөз болса, екінші тарауда: «Терминнің концептуалдану үдерісіндегі когнитивтік құрылымдардың (концепт, фрейм және

			<p>гештальттың) көрінісі», «Когнитивтік үдерістегі метафора, визуалды ойлау, ассоциацияның қабылдау, санада ой тудыру және репрезентациялау ерекшеліктері», «Терминдік бірлік пен когнитивтік құрылымның өзара әрекеттестігін концептуалдық талдау алгоритмі» сияқты тақырыпшаларда когнитивтік құрылымдардың концептуалды маңызы өзара тығыз байланыста қарастырылса, ал үшінші тараудың: «Терминдік бірлік дефинициясының фреймдік-семантикалық үлгісі және қазақ тіліндегі жаңа терминдердің фреймдік құрылымы», «Термин мән-мағынасының гештальт құрылымы арқылы сипатталуы және жаңа терминдердің метафоралық модельдер құру қабілеті», «Жаңа терминдік бірлік қалыптастырудағы ұлттық тілдік бейне категориясының алатын орны мен маңызы» деп аталатын тармақшаларында диссертация тақырыбына қатысты мәселелер терминдік бірлік мәнінің когнитивтік құрылым негізіндегі репрезентациялануы сабақтастырыла сөз болады. Диссертацияның құрылымы негізгі тақырыпты ашуға жан-жақты бағытталған тақырыптар құрап тұрғандықтан ой-тұжырымдар да өзара сабақтасып жатыр. Соған сәйкес диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық жағынан да тығыз байланысып, алынған нәтижелері өзара үндесіп, бір-бірінен туындап тұр.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген 	<p>Диссертант ұсынған жаңа шешімдер дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырыла талданып, зерттеушінің өз тарапынан қосқандары ажыратылып көрсетіледі. Осыған дейін мамандар тарапынан айтылған пікірлер мен тұжырымдар зерттеушінің сын тезінен өтіп отырады. Өзіндік тұжырымдар, тың пайымдар, сыни талдаулар бар. Мәселен, диссертанттың: «БАҚ құралдары тарапынан берілетін қазақтілді бірліктер көп жағдайларда авторлық сөздер, окказионализмдер екенін ұмытпаған жөн. Осы тұста, <i>аспансерік, жертатақ, қылтима, бұрқақ, сазгер</i> тәріздес бірен-саран окказионалды сөздерді терминдер ретінде бекітілген бірліктер деген қате түсінік бар. Осындай жағдайлар терминжасам үдерісінің ғалымдар тарапынан толық қарастырылып, сыналып барып, бекітілуі қажеттілігінің дәлелі бола алады (130-б.) деген сондай сыни талдаулар қатарына кіреді.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толығымен жаңа; 2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u> 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) 	<p>Зерттеу жұмысының тақырыбы тың, отандық терминтану саласында жаңа қолға алынып отырған мәселе болуына байланысты жаңашылдық деңгейі де жоғары. Ұлттық таным тұрғысынан жасалған талдаулар, антропоэзектік бағыт ұстана отырып жүргізілген қорытылған тілдік деректер көптеген жаңа нәтижелер алуға қол жеткізген. Диссертациядағы ғылыми нәтижелер мен қағидаттардың барлығы дерлік жаңа деуге болады.</p>

		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p> <p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа. Әр қорытынды жеткілікті түрде жасалған тілдік талдауларға негізделеді. Менталдік репрезентация, тілдік репрезентацияға мысал болатын деректер ұлттық таным тұрғысынан өте қызықты әрі ғылыми нанымды, дәлелді түрде сараланады.</p> <p>Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа әрі жан-жақты негізделген. Талданып отырған тілдік деректер, әртүрлі дереккөздерден алынған тілдік бірліктер бірнеше ғылым саласына қатысты. Зерттеудің бұл қыры оның практикалық тұрғыдан да, өмірдің сан түрлі саласында қолданылу тұрғысынан да тартымдылығын мейлінше арттыра түседі. Оның үстіне тілдік материалды, яғни терминдер мен тіркес терминдерді талдау әдістері де тың болғандықтан басқару, техникалық, экономикалық тұрғыдан жаңа шешімдер туындауына себеп болған. Жұмыстың осы нәтижелерін технология мүмкіндігін бұдан да кеңірек пайдалана отырып, кең тартуға болады деп санаймыз.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Әр тарау соңында жасалған талдаулар негізінде нақты қорытындылар жасалып отырады. Диссертациялық жұмыс соңында солардың негізінде жалпы қорытынды жасалады. Талдау, деректерді сараптау кезінде ғылымтану, когнитология және ұлттық танымды әр қырынан қарастыратын қоғамдық, гуманитарлық ғылымдардың зерттеу әдістері мен олардың тұрақтаған белгілі теориялық пайымдары қажетіне қарай пайдаланыла отырып, негізгі қорытындылар кең түрде дәлелденген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p>	<p>7.1. Қорғауға негізгі қағидаттар толық дәлелденген.</p> <p>7.2. иә, тривиалды.</p> <p>7.3. мейлінше жаңа. Терминтану саласындағы зерттеулерде бұған дейін осы диссертациядағы талданған мәселелер арнайы қаралған емес. Сол себепті нәтижелері де жаңалығымен ерекшеленеді.</p> <p>7.4. қолдану деңгейі кең. Лингвистика, терминтану және салалық терминжүйелерді жасауда кеңінен пайдалануға болады.</p> <p>7.5. 2018-2022 жылдар аралығында автордың 13 мақаласы жарық көрген. Осы мақалаларда диссертацияның негізгі тұжырымдары жан-жақты талданып, мамандар талқысына ұсынылған.</p>

		3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ	
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ	Диссертацияның ғылыми-әдіснамалық негізі ретінде когнитивтік лингвистика, терминология және терминтаным, лингвокогнитология салаларындағы жетекші ғалымдар еңбектері негізге алынады. Тіл біліміндегі лингвистикалық талдаудың пәнаралық және деңгейлік парадигмасы – экспансионизм, атропоезектілік парадигма және неофункционалдық жұмсалымдық тәрізді заманауи қағидаттар әдіснамалық негіз, теориялық тірек етіп алынады.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ	Иә. Диссертацияның безендірілуі, схемалар (28-б.), диаграммалар (72-б.), кестелер (109-б.), 151-172-беттердегі қосымшалар және басқа да мол мәліметтер диссертанттың компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін жақсы пайдалана білетін тұтынушы екенін көрсетеді.
		8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ	Терминдер сөздігі, түсіндірме сөздік, орысша-қазақша, ағылшынша-қазақша, немісше-қазақша, т.б. сөздіктер мен заң саласындағы нұсқаулықтар, нормативті-құқықтық актілер, түрлі сайттар мен порталдардағы мәтіндер, БАҚ және т.б. негізге ала отырып «заң» фреймдік құрылымына қатысты терминологиялық бірліктердің сөздіктердегі мазмұндарының сипатталуы және қолданысы жақсы талданып көрсетілген (109-б.).
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Терминтану саласын зерттеген, оның ішінде терминологиялық бірліктерді қалыптастырудағы когнитивтік құрылымдар репрезентациясын әр қырынан сөз еткен отандық және шетелдік ғалымдар еңбектері зерттеуші зердесінен өткендіктен, маңызды мәлімдемелер ең сенімді, іргелі ғылыми әдебиеттерге жасалған сілтемелер арқылы расталып отырады.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Диссертант зерттеу тақырыбына қатысты ғылыми әдебиеттерді кеңінен қамтыған. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі жеткілікті.
9	Практикалық құндылық	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия;	Зерттеу нәтижелері терминжасам мен сөзжасам және таным теориясының дамуына нақты үлес қосады. Сондай-ақ зерттеу нәтижелері

	принципі	2) жоқ	когнитивтік терминтағымның теориялық тұрғыдан дамуына да игі ықпал ете алады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	Иә. Диссертацияда терминжасамды жетілдіруге, терминдер баламасының ұғымға сәйкестігін анықтауға, терминүлгілерді қалыптастыруға қатысты өте ұтымды да нақты тұжырымдар мол. Оларды арнаулы курстарда оқытуға, аударма мен терминжасам әдістемесін дамытуға арналған түрлі оқу-әдістемелік құралдарға енгізіп, оларды кеңінен пайдалануға әбден болады. Диссертацияда мұндай нақты нәтижелердің көп болуы оларды практикада қолдану мүмкіндігінің жоғары екенінің айқын дәлелі бола алады. Сонымен қатар терминологиялық бірліктің лингвокогнитивтік және концептуалдық талдау нәтижелеріне сүйене отырып жасалған терминнің дефиниция құрылымына да, табиғаты бойынша да когнитивтік құрылымға толық сәйкес келетіндігінің көрсетілуі де қолданбалы терминтану үшін өте маңызды. Бұл тұжырым терминжасам, терминдерді сараптау, біріздендіру кезінде өте пайдалы болады деп білеміз.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациядағы практикалық ұсыныстардың дені толығымен жаңа. Мәселен, диссертанттың: «Жаңа термин ұлттық концепт негізінде жасалатын болса, оның жұмсалымдығының жоғары деңгейде болады» (135-б.) деген тұжырымды дәлелдеуі терминдерді ұлт тілінде жасау негіз болады әрі терминқорды дамыту қағидатын белгілеу кезінде тірек етіп алатын тұжырым бола алады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы жоғары. Диссертация ғылыми стильмен, нақты дерек-дәйектерді талдауға негізделген тұжырымдар жасай отырып жазылған.

Докторант Назгул Утегуловна Абдуллинаға «6D021300 - Лингвистика» мамандығы бойынша «Қазақ тіліндегі терминологиялық бірліктерді қалыптастырудағы когнитивтік құрылымдар репрезентациясы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы үшін философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайық деп санаймын.

Ресми рецензент:

**«Астана» халықаралық қаржы орталығының әкімшілігі» АҚ
департамент директорының орынбасары,
ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымының докторы, профессор**



Шерубай Құрманбайұлы

